

## **Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 11 маусымдағы № 402 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 маусымда № 9280 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 11 тамыздағы № 54 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 11.08.2021 № 54 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тузуе арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес Әуликөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды (бұдан әрі – кемтар балалар) жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындары (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) ай сайын төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алынсын.

2. Мыналар:

1) кемтар балаларды оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үйде оқытылатын кемтар балалардың ата-аналарына және өзге заңды өкілдеріне (бұдан әрі - алушы) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай құжаттарды:

өтінішті;

алушының жеке басын куәландыратын құжатты (жеке басын сәйкестендіру үшін);

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысын;

мүгедектігі туралы анықтаманы;

банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжатты;

оқу орнының мүгедек баланы үйде оқыту фактісін растайтын анықтамасын ұсынады.

Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелер ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары алушыға қайтарылады;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тиісті оқу жылы ішінде өтініш берген айдан бастап тағайындалады және әр кемтар балаға төленеді.

3. Мәслихаттың "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу туралы" 2014 жылғы 14 қарашадағы № 194 шешімінің (2014 жылғы 25 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5224 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясының төрағасы* М. Есенғалиев

*Аудандық мәслихаттың хатшысы* Д. Койшибаев